

## Мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің графикалық дерегімен жобаланып отырған жер учаскесін келісу

|   |  |
|---|--|
| Мемлекеттік орган                         | Ауыл шаруашылығы министрлігі   |
| Қызметті алушылар                         | жеке және заңды тұлғалар   |
| Қызмет көрсету орны                       | «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы" КЕ АҚ - <i>жер учаскесінің орналасқан жері бойынша</i>   |
| Қызметті көрсету мерзімдері               | күнтізбелік 15 (он бес) күн (қабылданған күн мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді)  |
| Қызмет құны                               | мемлекеттік қызмет паспортының 1 қосымшасында ("Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 26 қаңтардағы № 87 <a href="#">бұйрығына</a> (23-параграф) сәйкес)                              |
| Құжаттар тізбесі                          | 1) көрсетілетін қызметті алушының немесе өкілінің жеке басын куәландыратын құжат (тұлғаны сәйкестендіру үшін);<br>2) жеке тұлғаның өкілі - нотариалды куәландырылған сенімхат;<br>заңды тұлғаның өкілі - заңды тұлғаның басшысы сенімхат;<br>3) жер учаскесінің жоспары және оның бұрышты бұрылыс нүктелері координаталарының ведомосі;<br>4) көрсетілетін қызметке ақы төленгені туралы төлем құжаты (түбіртек) |
| Қызмет көрсету нәтижесі                   | келісілген мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің графикалық дерегімен жобаланып отырған жер учаскесі   |
| Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты | <a href="http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700015846#z52">http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700015846#z52</a>  |